

Ұстаз – ұлы тұлға

Айдана ЖАҒЫР,
АрқМПИ ЕШГ
мамандығының 3 курс студенті

«Азбайтұтын адамның алтындығы» – деп ақын Г.Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етемін. Сондай ұлағатты ұстаздардың бірі - біздің ұстазымыз Абдрахманова Ырысалды Бақытқызын осы қала тұрғындарының бәрі таниды.

Үлкен-кіші осынау жайдары жүзді азаматшаны тек адамгершілігі үшін ғана емес, білікті маман ретінде құрметтейді. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстазымыздың жөні де, жолы да бөлек. Оның әсерлі үнімен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір студентке де-

ген қамқорлықтың, аналық сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай.

Ырысалды апайдың сөзіне құлақ салар болсақ, шәкіртім алған білімін өз кәдесіне жаратып, өмірде өз жолын адаспай таба білсе менің мақсатымның орындалғаны деп білемін. Ұстаз туралы әріптестерінің де пікірі оң. Кафедраның аға оқытушысы Ж. Байдалына «Ол кісімен 1997 жылдан бері бірге қызметтес болып келеміз. Жұмысына жауапты әрі институт және қала бойынша барлық іс-шараларда үнемі белсенділік танытып жүреді. Аға буын қызметтестеріне құрмет көрсетіп, кейінгі жас толқын мамандарға ақыл-кеңесін айтудан жалыққан емес. Білікті маман қазақ тілінен республикалық,

облыстық және қалалық семинарларға қатысып, тәжірибе алмасып тұрады. Тіпті, халықаралық және республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференцияда «Орыс аудиториясында қазақ тілін үйрету мәселелері» тақырыбына бағдамалар жасап, өз пікірлерін ортаға сала біледі. Халықаралық ғылыми жинақтарда, республикалық басылымдарда ғылыми еңбектері және әдістемелік оқу құралдары жарияланған ұстаз есімі институтымызда мақтанышпен аталады. Отбасында да, жұмыста да үлкен жауапкершілікті сезіне білетін азаматша ұжым мақтанышына дейді. Сондай-ақ, ұстаз бақыты - шәкірт құрметі.

Халықтың нұрлы ертеңі үшін, ел игілігі жолында



атқарып отырған еңбектеріңіз жемісті болсын! Шәкірттеріңіз еліміздің мәртебесін өсіріп, білімді және асыл азаматтар болып өссін!

Ұлт көшбасшысы- сарабдал саясаткер

Тұңғыш Президент күні аталып өтілуіне санаулы күндер қалды, ал тәуелсіз тарихымыздың өткен күндеріне жіті үңілсек, халық пен Тұңғыш Президентіміздің арасындағы тығыз байланыс күннен күнге біте қайнасып келе жатқанына көзіміз анық жетіп отыр.

Дәлелі, көзбен тыс Президент сайлауында Қазақстан халқының басым көпшілігі Елбасына нық сенім артқанының және Президентіміз жетекшілік ететін «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасын іс жүзіне асырудағы ерен еңбегінің куәсіміз. Міне, осы бағытта бүкіл әлемде кең көлемде етек алған дағдарыстарға қарамастан, Елбасы өзінің халыққа арнаған бағдарламасында «Ұлт жоспары-100 нақты қадам» ұсынады және осы бағытта келелі істер жобаланып, заңдар қабылданып, іс жүзіне асырылып жатыр. Ұлт жоспарында көрсетілген бес институционалдық реформа біздің еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуға бағытталған күре бағдарлама. Ұлт жоспарының негізгі идеясы-баршаға арналған кәсіпті заманғы мемлекетті қалыптастыру, оның халық игілігі үшін жұмыс істеуін қадағалау және «Мәзгілік Ел» идеясын жүзеге асыру болып табылады.

Президенттің «Нұрлы жол-Болашаққа бастар жол» атты Жолдауы, бізге, бірінші ретте орындатқан іс-шараларды айқындап берді. Көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытуға берген Елбасының тапсырмалары өте орынды. Қазақстан аймағының өзара байланысын жақсарту арқылы еліміздің ішкі әлеуетінің артатынын айқын және «Батыс» бағытында салынып келе жатқан жолдардың бірі біздің Арқалық қаласы арқылы өтетіні үлкен қуаныш.

Елбасымыздың Бірінкен Ұлттар Ұйымының 70-ші



сессиясында сөйлеген сөзінде айтылған келелі әрі нақты ұсыныстары біздің еліміздің тек қана бейтарап, бейбіт өмірді құлдайтын мемлекет екенімізді айқындады және бүгінгі күні белең алып отырған содырлық саясатқа бірігіп күресуге шақырғаны әлем елдерінің көшбасшылары тарапынан қызу қолдау тапқанының куәсіміз.

Тұңғыш Президенттің 100 нақты қадамында біртектілік және бірлік мәселесі айрықша айтылғанын білеміз. Республкамызда мекендейтін жүзден астам ұлттар мен ұлыс өкілдерінің және бірнеше діни конфессиялы елдің бір-біріне деген сенімінің нығайып, тағаттылық танытуы және толеранттық сезімін қалыптастыру арқайсымызға байланысты екені анық айтылған. Осы бағытта Елбасы бастамасымен құрылып, биыл 20 жылдығын тойлаған Қазақстан халқы Ассамблеясының ролі зор. Расын айтсақ, бірнеше ұлт өкілдері тұратын біздің Арқалық қаласында да этносаралық келісім өз деңгейінде. Олар Қазақстанды өз Отаным деп есептейді.

Елбасының ұсынған 100 нақты қадамында еліміздің жоғары оқу орындарында білікті кадрларды әзірлеу, он екі жылдық білім беруді кезең-кезеңмен енгізу және білім беру жүйесінде ағылшын тілін оқыту мәселелері оңтайлы көтерілген.

Міне, біз осы бағытты орындау үшін институттың Стратегиялық жоспарына өзгерістер енгізіп, оқу үрдістерін болашақ педагогтарға заманауи тұрғыда білім беруге сәйкес мақсат қойдық. Оның сыртында, келесі жылдан бастап, жоғары оқу орындарының басшылары-ректорлар жергілікті халық алдында өз есептерін беруге тиісті.

Президент өзінің Жолдауларында жастарға жаңа саяси және әкелік бағыт ұсынумен қатар «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеп және жүзеге асыру туралы тапсырмалар берді. Осыған байланысты, мемлекеттік қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік Ел құндылықтары» енгізу туралы айтылған болыпты. Бұл тапсырмалар біздің институтта да өз жалғасын тауып, бағдарламалар жасалды және оны оқу үрдісіне енгізуге дайынбыз.

Бүгінгі күні қалыптасқан экономикалық кедергілерден Елбасымыздың салықалы саясатының арқасында қиындамай шығарымызға сенім мол, сондықтан қалыптасқан жағдайларға байланып қарап, елімізге болуға әзірміз.

Серікбайев

ҚУАНЫШБАЕВ,

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры.